



САРЫАРҚА САМАЛЫ

Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

9 қазан, сейсенбі
2018 жыл
№116 (15287)

М ssamaly2018@gmail.com

www.saryarka-samaly.kz

facebook.com/saryarka15

@saryarka_samaly

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Ұстаз мәртебесі - ұлт мәртебесі

ҚР Президенті Н.Назарбаевтың жыл сайынғы халыққа Жолдауы - еліміздің әрбір тұрғыны үшін маңызды оқиға. Биылғы Жолдау мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мәселелеріне көңіл бөлуге арналған.



Еліміздің тарихында алғаш рет «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданатын болады. Бұл - әрбір педагог үшін маңызды оқиға. Бұл жаңашылдық зор жауапкершілік жүктейді. Жаңа заң қазақстандық ұстаздар қауымының қоғамдағы беделін арттырып, орнын айшықтауға зор қадам болмақ.

Президенттің жыл сайынғы халыққа Жолдауы еліміздің бірнеше жыл ішіндегі даму бағытын, ырғағын анықтайтыны айқын. Біз Елбасымыз таңдаған жолдың дұрыс мақсатқа бағытталғанын көреміз. Қарқынды түрде өзгеріп жатқан қоғамдағы мәселелер педагогтарға байланысты. Елбасының әдеттегідей жас ұрпаққа білім беруге айрықша көңіл бөлуі ерекше қуантты. Жолдауда бізді білім берудің жаңа сапасына көтеретін жаңғырудың негізі ретіндегі адам капиталы болатынын атап көрсетеді.

Бәріміз де Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының куәгерлері болып табыламыз. Жиырма бес жылдан аса уақытта Қазақстан нағыз егемендікке қол жеткізіп, мемлекеттің нығаюы мен гүлденуі жолында нық қадам басып келеді. Мемлекет саясатының басты бағыты әрдайым еліміздің болашағы - жастарды қолдау болып келді. Олардың білім алуы, баспанамен қамтылуы, жұмысқа орналасу жағдайлары тұрақты назарға алынған.

Елбасы Жолдауы жаһандық сын-тегеуріндерді еңсерудің жаңа жолдары мен мүмкіндіктерін анықтайды. Белгіленген міндеттерге қол жеткізуде бар күшті шоғырландыру халықтың өмір сүру деңгейін бірнеше есе арттырып, мемлекетті жаңа даму жолына шығара алады. Президентіміздің жетекшілігімен еліміздің алдағы жылдарға арналған барлық басым даму міндеттері табысты іске асатындығына еш күмәніміз жоқ.

Алтынбек НУХҰЛЫ,
Павлодар мемлекеттік
педагогикалық университетінің ректоры.